БЕКІТЕМІН
“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша” ЖШС
меңгерушісі _____ Ж.М Сапарбаева

“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша”
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
2025–2026 оқу жылына арналған
педагогикалық кеңес отырысының жоспары

“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
2025–2026 оқу жылына арналған
педагогикалық кеңес отырысының жоспары

Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
№1-педагогикалық кеңесі **Тақырыбы**: «Педагогикалық старт: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, 2025 - 2026 оқу жылына мектепке дейінгі ұйымның қызметін ұйымдастыру және жоспарлау» **Мақсаты:** мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлерін 2025-2026 оқу жылына арналған ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хатпен таныстыру, жаңа оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының басым бағыттарын талқылау.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. Жазғы сауықтыруды ұйымдастыру нәтижелері. 3. 2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарау және қабылдау: - МДҰ дамуының негізгі басымдықтарын талқылау; - «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыру және іске асыру; - педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау. 4.Бекіту: - вариативті, жеке бағдарламалар, ұйымдастырылған іс-әрекеттің регламенті, күн тәртібі; - педагогтердің перспективалық жоспарларын қарау және қабылдау; - 2025-2026 оқу жылына педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарлары; - жұмыс циклограммалары; - жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасын, хатшысын таңдау; - аттестаттау комиссиясының мүшелерін таңдау; - инновациялық қызмет бойынша шығармашылық топтардың құрамын бекіту. 5.Ата-аналармен (заңды өкілдермен)	Тамыз	Меңгеруші әдіскер, мейірбике, педагогтер

жүргізілетін жұмыс жоспарын қарау және қабылдау. 6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.		
№2-педагогикалық кеңес **Тақырыбы:** «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану» **Мақсаты:** МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану арқылы тәрбие-білім беру жұмысының сапасын арттыру».		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1. №1-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. «Ең үздік жобалау қызметі» байқауының қорытындысын талқылау. 3. Тақырыптық бақылау нәтижелері: (жазу). 4. «Педагогикалық жәрмеңке: біліктілік санатын көтеруге үміткер педагогтердің кәсіби тәжірибесінің тұсаукесері» 5. Жол-көлік оқиғасында жарақаттанудың профилактикалық жұмыс жоспарын қарау және қабылдау. 6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.	Желтоқсан	Меңгеруші, әдіскер психолог, педагогтер
№3-педагогикалық кеңеске дайындық. **Тақырыбы:** «Бейнелеу қызметінің дәстүрден тыс әдістерін қолданып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» **Мақсаты:** бейнелеу қызметінің дәстүрден тыс әдістерін қолданып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1. №2-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. «Әртүрлі әдістемелік тәсілдерді қолдана отырып, балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру бойынша педагогтің балалармен бірлескен қызметінің көріністері» бейнесуреттемесі. «Ең үздік әдістемелік әзірлеме» педагогикалық шеберлік байқауының нәтижелерін талқылау. 4. Тақырыптық бақылаудың қорытындылары: «Заттық-дамытушылық ортаны, осы бағыт бойынша педпроцесс ұйымдастыру үшін жасалған жағдайларды, әртүрлі құралдардың болуын бағалау».	Наурыз	Меңгеруші, әдіскер педагогтер

5. Білім беру қызметіндегі сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу туралы: қызметкерлердің шаралары, міндеттері мен жауапкершілігі. 6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.		
№4-педагогикалық кеңес. **Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылының қорытындысын шығару: талдау, қорытындылар, перспективалар»** **Мақсаты:** оқу жылын талдау және қорытындылау. Келесі жылға міндеттер мен басым бағыт қою: - келесі оқу жылына арналған негізгі бағыттарды белгілеу; - жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі 1. №3-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. 2025 / 2026 оқу жылындағы жұмыстың нәтижелілігі, 2025/-2026 оқу жылындағы жұмысты талдау. 3. Балалардың даму мониторингін талдау. 4. Топ тәрбиешілерінің оқу жылында атқарған жұмысы туралы есебі. 5. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының 2025/2026 оқу жылындағы қызметі жөнінде есептері. 6. 2025 -2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі бағыттарының жобасын анықтау. 7. 2026 - 2027 оқу жылына арналған жұмыстың жылдық міндеттерін бекіту. 8. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту. 9. Педагогикалық кеңестің шешімі.	Мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер, мамандар

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
№1 педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: Тамыз 2025 жыл
Қатысқандар: 10

Тақырыбы: «Педагогикалық старт: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, 2025–2026 оқу жылына мектепке дейінгі ұйымның қызметін ұйымдастыру және жоспарлау».

Күн тәртібі:
1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру нәтижелері.
3. 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарау және қабылдау.
4. Жаңа оқу жылына арналған құжаттарды бекіту.
5. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарын қарау және қабылдау.
6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.

Тыңдалды:
1-мәселе бойынша: Меңгеруші Сапарбаева Ж.М. алдыңғы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы баяндады. Жоспарланған жұмыстардың орындалу барысына тоқталып, алдағы оқу жылында педагогикалық қызметті жүйелі ұйымдастыру қажеттігін атап өтті.
2-мәселе бойынша: Әдіскер Карибаева А.С. жазғы сауықтыру кезеңінде атқарылған жұмыстарға тоқталды. Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, таза ауадағы ойындар мен сауықтыру шаралары ұйымдастырылғанын айтты.
3-мәселе бойынша: Әдіскер 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын таныстырды. Мектепке дейінгі ұйымның негізгі басым бағыттары, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру және педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру мәселелері талқыланды.
4-мәселе бойынша: Педагогтердің перспективалық жоспарлары, циклограммалары, күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, өз білімін жетілдіру жоспарлары қаралды. Педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысы, аттестаттау комиссиясының мүшелері және шығармашылық топ құрамы бекітуге ұсынылды.
5-мәселе бойынша: Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары таныстырылды. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту, кеңестер, жиналыстар, ашық есік күндері мен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру қажеттігі айтылды.

Қаулы:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындысы назарға алынсын.
3.2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
4.Педагогтердің перспективалық жоспарлары мен циклограммалары бекітілсін.
5.Педагогтердің өз білімін жетілдіру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
6.Ата-аналармен жұмыс жоспары бекітіліп, белгіленген мерзімде жүзеге асырылсын.
7.«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жұмыстары жүйелі ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.
Хатшы: _____Шортанова Ж.К

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
№2 педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: Желтоқсан 2025 жыл.
Қатысқандар: 10

Тақырыбы: «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану».
Мақсаты: МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану арқылы тәрбие-білім беру жұмысының сапасын арттыру.

Күн тәртібі:
1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Ең үздік жобалау қызметі» байқауының қорытындысын талқылау.
3. Тақырыптық бақылау нәтижелері: «Ұйымдастырылған іс-әрекетте инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану және балалардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту».
4. «Педагогикалық жәрмеңке: біліктілік санатын көтеруге үміткер педагогтердің кәсіби тәжірибесінің тұсаукесері».
5. Жол-көлік оқиғасында жарақаттанудың профилактикалық жұмыс жоспарын қарау және қабылдау.
6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.

Тыңдалды:
1-мәселе бойынша: Меңгеруші Сапарбаева Ж.М. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалу барысына тоқталды. Жылдық жоспарға сәйкес жұмыстардың жүргізіліп жатқанын атап өтті.
2-мәселе бойынша: Әдіскер Карибаева А.С. «Ең үздік жобалау қызметі» байқауының қорытындысымен таныстырды. Педагогтердің жобалық жұмыстарын ұйымдастырудағы шығармашылық ізденістері мен тәжірибелері талқыланды.
3-мәселе бойынша: Әдіскер тақырыптық бақылау нәтижелерімен таныстырды. Бақылау барысында педагогтердің ұйымдастырылған іс-әрекетте заманауи әдіс-тәсілдерді қолдануы, ойын технологияларын пайдалануы және балалардың танымдық, тілдік, шығармашылық дағдыларын дамыту жұмыстары қарастырылды. Педагогтерге жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.
4-мәселе бойынша: Біліктілік санатын көтеруге үміткер педагогтер өздерінің кәсіби тәжірибелерімен бөлісіп, шығармашылық жұмыстарын таныстырды. Өзара тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылды.
5-мәселе бойынша: Педагогтерге балалар арасында жол-көлік оқиғаларынан болатын жарақаттардың алдын алу жұмыстары түсіндірілді. Жол қозғалысы

ережелерін үйрету, қауіпсіздік белгілерімен таныстыру және ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігі айтылды.

Қаулы:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «Ең үздік жобалау қызметі» байқауының қорытындысы назарға алынсын.
3. Тақырыптық бақылау нәтижелері негізінде педагогтерге әдістемелік көмек көрсетілсін.
4. Педагогтердің кәсіби тәжірибесін тарату және өзара тәжірибе алмасу жұмыстары жалғастырылсын.
5. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша бекітілген жұмыс жоспары жүйелі жүзеге асырылсын.
6. Балаларға жолда жүру қауіпсіздігі ережелері тұрақты үйретілсін.

Кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.
Хатшы: _____ Шортанова Ж.К

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС

№3 педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: Наурыз 2026 жыл.

Қатысқандар: 10

Тақырыбы: «Бейнелеу қызметінің дәстүрден тыс әдістерін қолданып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту».

Мақсаты: Бейнелеу қызметінің дәстүрден тыс әдістерін қолдану арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру.

Күн тәртібі:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Әртүрлі әдістемелік тәсілдерді қолдана отырып, балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру бойынша педагогтің балалармен бірлескен қызметінің көріністері» бейнесуреттемесі.
3. «Ең үздік әдістемелік әзірлеме» педагогикалық шеберлік байқауының нәтижелерін талқылау.
4. Тақырыптық бақылаудың қорытындылары: «Заттық-дамытушылық ортаны, осы бағыт бойынша педагогикалық процесті ұйымдастыру үшін жасалған жағдайларды, әртүрлі құралдардың болуын бағалау».
5. Білім беру қызметіндегі сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу туралы: қызметкерлердің шаралары, міндеттері мен жауапкершілігі.
6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Әдіскер Карибаева А.С. №2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалу барысына тоқталып, жоспарланған жұмыстардың жүзеге асырылуы туралы ақпарат берді.

2-мәселе бойынша: Педагогтер балалармен бірлескен шығармашылық жұмыстарын бейнесуреттеме арқылы таныстырды. Дәстүрден тыс сурет салу, жапсыру, мүсіндеу әдістерін қолданудың тиімділігі көрсетілді.

3-мәселе бойынша: Әдіскер «Ең үздік әдістемелік әзірлеме» байқауының нәтижелерімен таныстырды. Педагогтердің шығармашылық ізденістері мен әдістемелік жұмыстары талқыланып, үздік тәжірибелерді тарату ұсынылды.

4-мәселе бойынша: Тақырыптық бақылау нәтижелері қаралды. Топтардағы заттық-дамытушы ортаның жабдықталуы, шығармашылық бұрыштардың ұйымдастырылуы және балалардың еркін шығармашылықпен айналысуына жасалған жағдайлар талданды.

5-мәселе бойынша: Меңгеруші Сапарбаева Ж.М. білім беру ұйымындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қызметкерлердің әдеп нормаларын сақтау, заң талаптарын орындау және өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қаулы:

7. №2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
8. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда дәстүрден тыс бейнелеу әдістерін қолдану жұмыстары жалғастырылсын.
9. Педагогтердің үздік әдістемелік әзірлемелері жинақталып, тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылсын.
10. Топтардағы заттық-дамытушы ортаны толықтыру және жетілдіру жұмыстары жалғастырылсын.
11. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
12. Педагогтер қызметтік әдеп пен заң талаптарын қатаң сақтасын.

Кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.
Хатшы: _____ Шортанова Ж.К

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
№4 педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: Мамыр 2026 жыл.
Қатысқандар: 10

Тақырыбы: «2025–2026 оқу жылының қорытындысын шығару: талдау, қорытындылар, перспективалар».
Мақсаты: Оқу жылы барысында атқарылған жұмыстарды талдау және қорытындылау, келесі оқу жылына арналған міндеттер мен басым бағыттарды айқындау, жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту.

Күн тәртібі:
1. №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. 2025–2026 оқу жылындағы жұмыстың нәтижелілігі мен қорытындысын талдау.
3. Балалардың даму мониторингінің нәтижелерін талдау.
4. Топ тәрбиешілерінің оқу жылында атқарған жұмыстары туралы есептері.
5. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының 2025–2026 оқу жылындағы қызметі туралы есептері.
6. Келесі оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі бағыттарын анықтау.
7. 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық міндеттерді бекіту.
8. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту.
9. Педагогикалық кеңес шешімі.

Тыңдалды:
1-мәселе бойынша: Әдіскер Карибаева А.С. №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы баяндады. Жоспарланған жұмыстардың жүзеге асырылғанын атап өтті.
2-мәселе бойынша: Әдіскер 2025–2026 оқу жылында атқарылған жұмыстарға талдау жасады. Жылдық жоспарға сәйкес тәрбиелеу-білім беру жұмыстары жүргізіліп, балалардың танымдық, тілдік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамыту бағытында нәтижелі жұмыстар атқарылғанын айтты. Педагогтердің аудандық, облыстық және республикалық байқауларға қатысып, жетістіктерге қол жеткізгені атап өтілді.
3-мәселе бойынша: Балалардың жеке даму мониторингінің қорытынды нәтижелері қаралды. Балалардың даму көрсеткіштерінде оң динамика байқалғаны айтылып, алдағы уақытта жеке жұмыс жүргізуді қажет ететін балалармен жұмысты жалғастыру ұсынылды.
4-мәселе бойынша: Топ тәрбиешілері жыл бойы атқарған жұмыстары туралы есеп берді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер, мерекелік шаралар,

байқаулар, ата-аналармен бірлескен жұмыстардың нәтижелері таныстырылды.

5-мәселе бойынша: Мектепке дейінгі ұйым мамандары жыл бойындағы қызметтері туралы есеп берді. Балалардың денсаулығын сақтау, психологиялық қолдау көрсету және дамыту жұмыстарының нәтижелері талқыланды.

6–7-мәселе бойынша: Келесі оқу жылына арналған негізгі бағыттар мен міндеттер қарастырылды. Білім беру сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау бағыттары ұсынылды.

8-мәселе бойынша: Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспары таныстырылды. Балалардың денсаулығын нығайту, таза ауадағы ойындар, шынықтыру шаралары, шығармашылық және танымдық жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері қаралды.

Қаулы:

1. №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 2025–2026 оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
3. Балалардың даму мониторингінің нәтижелері назарға алынсын.
4. Тәрбиешілер мен мамандардың жылдық есептері қабылдансын.
5. 2026–2027 оқу жылына арналған негізгі міндеттер мен басым бағыттар бекітілсін.
6. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспары бекітіліп, орындалуы қамтамасыз етілсін.
7. Жаз мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары күшейтілсін.

Кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.

Хатшы: _____ Шортанова Ж.К